

Облыс: Маңғыстау

Аудан: Бейнеу

Мектеп: Манашы орта мектебі

Байқау: «Менің есімім»

Автордың аты - жөні: Сартаева Майра Бахытқызы

Жетекшінің аты – жөні: Койшыбаева Марал Ибатуллаевна

Сыныбы: 11 «А»

Жасы: 18 жаста

«Менің есімім қандай мағына береді?»

Көктемнің алғашқы екі айы да қас қағым уақытта өте шықты. Таң бозарып, күн шығыстан қызарып шығып келеді. Таң иегі көрінбестен қыбырлай жүретін ананың бүгін көлеңкесі де көрінбеді, себебі ол бұл уақытта тоғыз ай жүрегінің астында тосқан сәбиінің жұпар иісін мейірлене иіскеп, құшағына алып мауқын басып жатқан еді. Иә, бүгін ана бір сәбиге өмір сыйлады. Бұл күн – бірінші мамыр еді. Бірінші мамыр күні үлкен әулеттің бірінші қызы өмір есігін ашты. Ол өмір, бәлкім, шытырманды болар, мүмкін тосын сый мен сырға не қайғыға, қуанышқа толы болар, кім білсін? Алайда, бүгінгі күн – Сартаевтар әулетінің «көзмоншағы» дүниеге келген күн. Ол сәби мен едім. Мен дүниеге келгенде атам «моншақ тағатын немерем туылды» деп қуаныпты. Ал азан шақырып ат қоярда менің есімімді көп талқылап та жатпапты. Білмеймін, бұл сол кезеңнің бойға дарымаған ана тілінен бе, әлде Кеңестік дәуірдің салқын сызы ма, әйтеуір «мамыр» айын «май» деп атапты. Сонан кейін атам:

«Ұқсап жүзің айға,
Жайна, қызым, жайна!
Азан шақырып атадым,
Сенің атың Майра!
Сенің атың Майра!
Сенің атың Майра!», -

деп құлағыма үш қайтара дыбыстыпты. Мен солай Майра аталып кеттім.

Менің есімім анау айтқандай бір ерекше емес, бірақ мен өз есімімді ұлықтаймын. Себебі, әрбір пендені өсіретін де, өшіретін де есімі. Қазақ нақылында «Атына заты сай болсын» десіп жатады. Адам болып туғаннан соң, адам тірлігін кешіп, бес күндік өмірдің әрбір сәтін мейірімділікпен, ілтипатпен, жанашырлықпен, қамқорлықпен өткізе білсек – бұл біздің адам қалпымыз. Тәңірісінің өзі де пендені жан-жануардан осы қасиеттер арқылы бөлек көрсетеді. Мейлі сіз қай жерде жүрсеңіз де әр кез сіздің есіміңіз қару іспетті жаныңызда жүреді. Тіпті Пайғамбарымыз да: «Аллаһ сендерді о дүниеге барғанда есімдерің мен әкелеріңнің есімін атап шақырады», - дейді.

Адам есімі қарапайым тұрғыда қарағанда оның атауы. Егер оның есімі Азамат болса, оның істер ісі де сол ардақты есімдей асыл болуы керек. Менің есіміме қайта оралайық. Майра негізінен парсы «Маһире» деген атауынан алынған, яғни «моншақ» деген мағынаны білдіреді. Кішкентай кезімде анамнан ертегі айтып беруін сұрағанымда, маған мына ертегіні айтатын.

«Ертеде бір ханшайым болыпты. Оның қарапайымдылығы сондай, ешқашан өзінің қызметшілеріне жекіп не асыра сөйлеп көрмепті. Бірде көрші елдің зұлым патшасы өзінің патшайымына асылдан моншақ тіздірмек болады екен. Патшайымы бұрын соңды ешкім ұстап, түсін түстеп көрмеген бір асыл моншақтың тізбекке қосуын бұйырыпты. Әлгі зұлым патша ол моншақты енді ханшайымның елінен іздеуді бастапты. Іздеген асыл дүниесін таба алмаса

саудагеріне қырғидай тиеді екен. Мұны естіген ханшайым зұлым патшамен кездесіп, егер еліндегі бір жанға қол ұшын тигізбейтін болса, қалаған асыл бұйымын тауып беруге сөз етеді. Екеуі осылай серттеседі. Күндердің бір күнінде патша сейілдеп жүріп шырылдап дүниеге келіп жатқан сәби дауысын естиді. Сәби дауысы шыққан сарайға қарай беттейді.

1

Әлгі сарайдың жанына келгенде жай ғана терезеден бақылап тұрады. Бұл ханшайым қызметшісінің жаңа өмір есігін ашқан нәрестесі еді. Ханшайымның рұқсатымен патша сарай ішіне кіреді. Жас нәрестенің қолын иіскей бергенде патшаның көзі оның қолында жылтылдаған нәрсеге түседі. Бұл не екен деген оймен сәбидің саусақтарын ақырын жая түседі. Адам айтса сенгісіз!.. Нәрестенің қолында көрген адам есінен танарлықтай асыл моншақ болады. Патша қуаныштан нәрестенің құлағына «Маһире», «Маһире», «Маһире», - үш рет дыбыстады. Ал сәбидің қолындағы моншақ өздігінен патшаның алдына домалап келеді. Осыдан кейін патша зұлым атынан арылып, барлық елмен бейбіт тірлік кешіпті. Ол өзі: «Мұның себепшісі Маһире», - дейді екен».

Бұл ертегінің әсерлілігі сонша, мен көзімнің қалай ілініп кеткенін де байқамайтынмын. Кейін есейгенде анамнан бұл ертегіні қайдан оқыдыңыз дегенімде, анам: «Мен оны ешқандай кітаптан оқымағанмын. Бұл менің саған деген аналық махаббатымнан туған ертегі, сен де сол «моншақты қыз» секілді бізге бақ әкелетін қызымызсың», - дейтін. Аллаға шүкір мен ата-анамның бұл арманын кенде етіп жүргенім жоқ. Жетістікке жетсем бірге қуанып көңілі марқаятын, сәл сүрініп кетсем демеу болатын әлемнің бар асылынан қымбат байлық менде бар. Ол – менің ата-анам.

Менің есімімнің тарихы осындай. Қазіргі қоғамда есімді ұлы адамдарға байланыстырып қойып жатады. Мысалы, ұлы дана Абайдың, қас қаламгер Мұхтардың, айтқан сөзі мір оғындай қадалар Махамбеттің есімдерін тілге тиек етсек болады. Әрине мұның бәрі сол ұлы жандардың жолын берсін деп жасалатын ырым. Қазақ ішінде тағы бір дана Абай, кемеңгер Мұхтарлар туып жатса, кәнекей, мұның бәрі нұры үстіне нұр болар еді. Атағы шаршы әлемді жарып жатқан алқалы қазақ елінің мәртебесі өсіп, әлемдік әдебиеттен ойып тұрып орын алар едік. Ондай азаматтар жоқ та емес. Қазіргі айтысты биік өренге шығарып жүрген ақындарымыз, оның отыз жылдық тұтқасы болған Жүрсін Ерманның қазақ әдебиетіне өлшеусіз қосып жүрген үлесі қаншама?! Осындай нар тұлғалардың есімі болашақ балдырғандарға беріліп жатса, ол біздің өз ұлтымызды көтере білгендігіміз емей немене?!

Кей кездері ғаламтор желісін не кітап беттерін ақтарып отырсам менімен аттас тек өнер саласындағы Майра Ілиясова апамыз ғана бар екен. Әкемнен: «Әке менің атымды Майра апамыз сияқты әнші болсын деп Майра қойдыңыздарма?» - десем, әкем «Жоға қызым, ол есімізге келіп пе? Атаң сені «майда» туылды деді де Майра деп атаған ғой», - дейді. Қазір он жеті жастамын. Бірақ, осы кезге дейін өзімді әншілік жағынан сынап көрген емеспін. Себебі, мен әдебиет саласына шын берілгенмін. Мен үшін поэзия, әдебиет әлемі – ол менің әлемім секілді. Мен өзімнің болашағымды поэзиясыз елестете

алмас едім. Кім білсін, бәлкім, Тәңірісінің өзі мені поэзия әлеміне жіберіп қойған болар, ал сахнаға Майра апамыздың өзі жарап жатыр. Оның эстрада әлемінде алар орны өте ерекше. Дегенмен, барлығын пешенеден көрерміз...

Атымды адам қойған соң,
Адам қалпымнан танбайын.
Адам боп әсте туған соң,
Адам боп мәңгі самғайын.
Тірлікте, жалған бес күнде,
Өмірді елге арнайын
Әр демім үшін Аллаға
Шүкіршілігімді арнайын.
Талай жыл күтіп, сарылып,
Екі-ақ жыл көрген қызығын
Есте жоқ шағын еске алар,
Атамның есті қызымын.

Келсе де күн кеш жұмыстан,
Түймейтін маңдай сызығын.
Қара қызым деп иіскер,
Әкемнің қара қызымын.

Асыра айтып мақтауын,
Жасырған әр кез бұзығын.
Еркелетуден шаршамас
Анамның ерке қызымын.

Ез емес, ерді сөз қылып,
Көрсетем тілдің қызылын.
Атамның емес, адамның
Майра атты мен бір қызымын!